

Изенді ауылы көшелерінің атауларын өзгерту туралы

Қарағанды облысы Нұра ауданы Изенді селосының әкімінің 2008 жылғы 22 мамырдағы N 1 шешімі. Қарағанды облысы Нұра ауданы әділет басқармасында 2008 жылғы 03 маусымда N 8-14-74 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы" Заңын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы "Қазақстан Республикасындағы ұйымдарды, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің Тәртібін бекіту туралы" N 281 қаулысын басшылыққа ала отырып, Изенді ауылының Строительная, Парковая, Школьная, Водопроводная, Набережная, Северная және Новая көшелерінің тұрғындарының өтініштерін қ а р а п :

1. Изенді ауылының келесі көшелерінің атаулары өзгертілсін:

- 1) Строительная көшесі Нағидолла Әлібеков көшесіне;
- 2) Парковая көшесі Байдалы Бокаев көшесіне;
- 3) Школьная көшесі Әбдікәрім Құдайбергенов көшесіне;
- 4) Водопроводная көшесі Сарыарқа көшесіне;
- 5) Набережная көшесі Тәуелсіздік көшесіне;
- 6) Северная көшесі Атамекен көшесіне;
- 7) Новая көшесі Жерұйық.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылауын өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауыл әкімі

Қ. Жар